Нарынская область	0,83	7	Чуйская область
Ошская область	0,93	5	Жалалабатская область
Таласская область	0,94	6	Ысыккульская область
Чуйская область	1,00	1	

Аналогичным образом рассчитаны все коэффициенты эффективности с использованием итогов ОРТ по основному тесту для остальных областей. Для каждой области (кроме относительно эффективных областей, для которых коэффициент эффективности = 1) указана доминирующая область, т. е. та область, которой удалось наиболее эффективно использовать бюджетные средства на каждом из рассматриваемых сегментов расходов на образование. Помимо этого, все области проранжированы согласно значениям коэффициентов эффективности.

Как показывают данные таблицы 2, наиболее неэффективными являются общеобразовательные школы Нарынской области. Однако здесь также надо учитывать, что затраты на 1-го ученика в Нарынской области являются самыми высокими в связи с коэффициентами высокогорья, начисляемые дополнительно для Нарынской области. Более того, в Нарынской области много маленьких школ в отдаленных районах (от 100 человек в одной малокомплектной школе и выше), которые, как известно, являются более дорогостоящими по сравнению со средними и большими школами, в которых

численность превышает 1000 человек и более. Согласно результатам исследования, относительно эффективные школы Кыргызстана тратят на общее образование далеко не самые крупные суммы. На рисунке 2 представлены бюджетные расходы на образование в расчете на одного учащегося для семи областей.



Рис. 2. Бюджетные расходы на 1-го учащегося по областям КР

При этом области проранжированы согласно коэффициентам эффективности от самого большого к самому маленькому значению коэффициента, то есть общеобразовательные школы Чуйской, Иссыккульской и Жалалабатской областей имеют самые высокие коэффициенты эффективности, а школы Нарынской области, соответственно, самый низкий коэффициент.

Стоит отметить, что самые высокие расходы на образование зафиксированы в тех регионах, где находятся сельские школы, включая малокомплектные школы. Очевидно, что сельским школам, в силу социально-экономических, демографических и других причин, тяжело соревноваться с городскими школами в эффективности использования бюджетных средств на общее образование, да и в качестве образования. Расходы на образование в расчете на 1-го учащегося выше в сельских школах, а итоги ОРТ по основному тесту в сельских школах, в среднем, ниже, чем в городских.

Результаты ОРТ, показанные учащимися городских и сельских школ после окончания средней школы, свидетельствуют о том, что уровень образования гораздо выше в городах. Так, по данным за 2007 г., выпускники сельских школ показали уровень знаний значительно ниже городских. Среднее значение тестовых баллов составило 107,0 против 135,5 в городе Бишкек и 121,5 – областных центров и малых городов. Основными причинами такого отставания является следующее: различный уровень обеспеченности учебни-

ками, учебными материалами, различающаяся по уровню квалификация педагогических кадров, бедность сельского населения и другими составляющими учебной среды.

Таким образом, данная методология проведения анализа эффективности образовательных результатов позволяет выделить наиболее эффективные и неэффективные управления образованием, а также определить эффективность или неэффективность государственных расходов на среднее образование. Подобный анализ может широко использоваться не только для оценки знаний учащихся, но и для оценки деятельности школы, системы общего образования в городе, районе, селе или другой административной единице. Независимость оценки образовательных результатов учащихся с помощью результатов общереспубликанского тестирования (ОРТ) позволяет сделать итоги анализа эффективности в принципе более объективными, чем в случае использования результатов выпускных экзаменов в школах.

КАЗАХСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Т. РЫСКУЛОВА

объявляет о приеме на образовательную программу научно-педагогической магистратуры на 2009-2010 учебный год

ПО ПРОГРАММЕ ДВОЙНОГО ДИПЛОМА:

Программа магистратуры - совместный проект КазЭУ им. Т. Рыскулова, Oxford Brookes University (Великобритания) и Международной Школы Бизнеса (г. Будапешт, Венгрия)

Все программы Портфеля MSc рассчитаны на очное обучение с 3 семестрами, длительностью в один календарный год (с сентября 2009 г. до сентября 2010 г.).

IBS предлагает четыре программы MSc, позволяющие получить степень «Магистра Наук» присуждаемой Университетом Оксфорд Брукс, преподаются на английском языке.

Программы Портфеля MSc включают:

• MSc в ФИНАНСОВОМ УПРАВЛЕНИИ
• MSc в УПРАВЛЕНИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ
• MSc в МЕЖДУНАРОДНОМ БИЗНЕСЕ
• MSc в МАРКЕТИНГЕ УПРАВЛЕНИЯ

Заявления принимаются до 15 июня 2009 г.

Адрес и контактные телефоны:
КазЭУ им. Т. Рыскулова:
050035, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Жандосова, 55

Приемная комиссия:
тел.: +7(727) 229 66 66; 228 08 71
Научно-педагогическая магистратура: каб.143 тел.: +7(727) 221-08-89

З.Ж. КЕНЖЕГАЛИЕВА,
старший преподаватель Атырауского государственного университета
им. Х. Досмухамедова

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО МЕХАНИЗМА СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПЛАНИРОВАНИЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

На современном этапе развития мировая экономика обнаруживает выраженную тенденцию к усилению взаимодействия механизма рыночного саморегулирования и стратегического планомерного развития. Система стратегического планирования должна адекватно учитывать и использовать реальные экономические интересы регионов, корпораций, предприятий и организаций, а также интересы населения конкретных населенных пунктов и регионов.

Вопрос о сущности и необходимости стратегического планирования промышленных предприятий в различные этапы развития общества рассматривался в экономической литературе. В настоящее время вопросы реализации стратегических инвестиционных планов промышленных предприятий являются особенно актуальными для стран, переживающих мировой кризис.

Современная система стратегического планирования промышленности Казахстана недостаточно обеспечивает эффективность реализации принимаемых программ и планов. Из-за недостаточной разработанности индикаторов результативности реализации стратегических инвестиционных планов экономического механизма, механизма их мониторинга и оценки эффективности, невозможно осуществлять качественный контроль над эффективностью реализации планов. Эти и другие проблемы препятствуют развитию промышленности и системы стратегического планирования в целом. В этих условиях назрела объективная необходимость совершенствования экономических механизмов реализации стратегических инвестиционных планов промышленных предприятий Казахстана на современном этапе.

Система стратегического планирования должна базироваться на целостной системе взаимосвязанных и взаимоувязанных прогнозно-плановых документов, охватывающей все аспекты воспроизводственного процесса, начиная от уровня национальной экономики вплоть до конкретных хозяйствующих субъектов.

Промышленность является одной из ключевых сфер экономики Казахстана, развитие которого является стратегически важным для государства как в экономическом, так и социальном аспекте.

Стратегическое планирование – процесс формирования задач и целей промышленных предприятий, выбора специфических стратегий для определения и мобилизации необходимых ресурсов и их оптимального распределения с целью обеспечения эффективной работы промышленных предприятий в будущем. Стратегическое планирование завершается определением общих направлений, следование которым обеспечивает рост и укрепление позиций промышленных предприятий [1].

При формировании рыночных стратегий целесообразно исходить из оценки основных рыночно-экономических факторов и анализа существующего потенциала стратегического успеха, который включает:

- имидж промышленных предприятий;
- качество обслуживания потребителей;
- разработку новых технологий и видов продукции;
- развитие организационной структуры;
- систему реализации продукции;
- основной контингент клиентуры [2].

Процесс стратегического планирования характерен тем, что в его рамках нужно не просто принимать конкретные решения, но и постоянно решать задачи, связанные с выбором альтернативных действий. Это относится к выбору задач, целей предприятия, самой стратегии, распределению ресурсов.

Процесс стратегического планирования – это, прежде всего, прогнозирование социально-экономического развития предприятия, поиск новых возможностей, выбор направлений стратегий с применением методов экономического механизма [3].

При реализации экономического механизма в качестве основного инструмента стратегического планирования выделяем процесс формирования конкурентной стратегии, трактуя ее как концепцию создания и использования конкурентного преимущества для упреждения и подавления усилий конкурентов, направленных против предприятия.

На современном этапе казахстанской рыночной экономики в условиях кризиса производственный и экономический потенциал Казахстана не может быть сохранен, эффективно использоваться и воспроизводиться, если не будет сформирован эффективный хозяйственный механизм управления инвестиционным процессом на макро- и микроуровнях.

Хозяйственный механизм – это блочная система, важной составляющей которой является механизм управления инвестиционным процессом, или инвестиционный механизм [4].

Инвестиционный механизм представляет собой взаимодействующую совокупность методов и форм, источников инвестиций, инструментов и рычагов воздействия на воспроизводственный процесс на макро- и микроуровнях в интересах расширения действующего производства или авансирования вновь создаваемого производства.

Инвестиционный механизм включает в себя следующие структурные составляющие (рис. 1):

- мотивационный блок;
- ресурсное обеспечение;
- правовое и методическое обеспечение;
- организационное обеспечение.

Каждый из перечисленных видов обеспечения имеет самостоятельное содержание и значение, которое реализуется в различных формах.

Ресурсы, которые субъекты хозяйствования или общество в целом желают использовать, как правило, являются ограниченными в рамках конкретного пространственно-временного интервала. При всем многообразии источников и методов

финансирования проектов в конечном счете инвестиционные механизмы можно свести к трем основным формам: самофинансирование, долговое внешнее финансирование (кредиты, займы) и прямые или реальные инвестиции.



Рис. 1. Структура инвестиционного механизма*

* Составлен автором на основе изучения литературных источников

Каждый из перечисленных видов обеспечения имеет самостоятельное содержание и значение, которое реализуется в различных формах.

Мотивационный блок обеспечивает взаимодействие конкретного инвестиционного механизма с внешней по отношению к нему экономической и социальной средой, с соответствующими экономическими и хозяйственными механизмами. Мотивационный блок включает в себя исследование, последовательное уточнение и детализацию (до уровня локальных целей или подцелей) всех тех мотивов деятельности и экономических ожиданий, которыми руководствуются потенциальные инвесторы при определении объектов приложения своих сил и ресурсов, которыми они располагают.

Ресурсное обеспечение предусматривает исследование видов и анализ возможных направлений получения инвестиционных ресурсов. Правовое и методическое обеспечение и регулирование как институциональные рамки, регламентирующие инвестиционную деятельность, основываются на законодательстве и соответствующих нормативных актах, принятых на уровне субъектов РК, а также на методических разработках по планированию и ведению инвестиционной и инновационной деятельности в конкретных отраслях и направлениях экономического развития. Организационное обеспечение инвестиционной деятельности включает в себя создание необходимых организационных структур, обеспечивающих действия по инициированию, развитию и контролю за достижением поставленных целей. Планирование и управление занимают особое место в инвестиционных механизмах осуществления различных проектов, обеспечивая проведение детальных расчетов движения инвестиционных ресурсов, формирование потоков наличности, анализ финансового состояния, оценку и реализацию мер по повышению эффективности инвестиционной деятельности [5].

Инвестиционные механизмы, их проектирование и внедрение в региональную экономическую практику позволяют эффективнее реагировать на перемены, происходящие в стране и в мире, приспосабливая для участников инвестиционной деятельности уже существующие или разрабатывая новые финансовые инструменты и инвестиционные схемы [3].

Любая целенаправленная деятельность в экономике требует определенных усилий и затрат капитала от осуществляющего ее субъекта – физического или юридического лица, государства или международной организации. Соответственно в рыночной экономике инициация практически всех видов хозяйственной деятельности связана с затратами (инвестированием) капитала в виде материальных и интеллектуальных ресурсов, необходимых для:

1) исследования условий предстоящей деятельности, проектирования хозяйственного цикла производства и сбыта продукции, а также уровня отдачи предполагаемого к реализации проекта (затраты на предпроекгные исследования);

2) создания материальной основы предстоящей деятельности в виде необходимой структуры зданий, сооружений, технологических линий и процессов, патентов, ноу-хау, систем управления, сетей распределения и сбыта выпускаемой продукции и др. (основной капитал);

3) закупки, необходимых для запуска предпринимательского проекта объемов сырья, полуфабрикатов, рабочей силы, энергоресурсов, достаточных для вывода данной деятельности на устойчивый режим (оборотный капитал).

Результаты данной хозяйственной деятельности в различных пропорциях и формах могут быть направлены на:

- производственное потребление (простое или расширенное);
- непроизводственное потребление (личное);
- накопление ресурсов или сбережение финансовых активов.

Ресурсное обеспечение инвестиционного проекта является той исходной базой, на основе которой осуществляется формирование инвестиционного механизма для реализации поставленных в конкретном проекте целей. Именно наличие ресурсов, их органическое и техническое строение определяют возможности ведения успешной инвестиционной деятельности [4].

Наиболее принципиальными моментами в ресурсном обеспечении инвестиционной деятельности являются структура и организация ресурсов.

Инвестиции в наиболее общем понимании – это все виды финансовых, материальных, информационных и иных ресурсов, вкладываемых инвесторами в объекты предпринимательства и другие виды деятельности с целью извлечения дохода (прибыли) или другого полезного эффекта. Понятие инвестиций тесно связано с понятием «капитал», которое в широком смысле слова означает любой ресурс, создаваемый с целью производства большего количества экономических благ. При экономическом или финансовом анализе обычно капитал рассматривают исключительно в денежной форме, имея в виду, что на деньги покупаются все необходимые виды ресурсов. [1].

Наряду с инвестициями в отрасли материального производства в последние годы стали выделять инвестиции в человеческий капитал, как особый вид вложений, преимущественно в образование и здравоохранение, направляемый на создание средств, обеспечивающих развитие и духовное совершенствование личности, проддение жизни и повы-шение ее отдачи. Именно человеческий капитал в современных условиях играет решающую роль в развитии инновационного процесса [2].

Инвестиции как натурально-стоимостные факторы финансовой деятельности включают в себя денежные средства, целевые банковские вклады, паи, акции и другие ценные бумаги, технологии, машины, оборудование, информацию, лицензии, в том числе и на товарные знаки, кредиты, любое другое имущество или имущественные права, интеллектуальные ценности, вкладываемые в объекты хозяйственной деятельности и в другие виды деятельности в целях получения прибыли (дохода) или достижения положительного социального эффекта [3].

Ресурсы, которые субъекты хозяйствования или общество в целом желают использовать, как правило, являются ограниченными в рамках конкретного пространственно-временного интервала. Следствием ограниченности имеющихся ресурсов является стремление предпринимателей к их наилучшему использованию, так:

а) если объем использования ресурсов известен, то максимизируется результат;

б) если известен результат, которого необходимо достичь, то минимизируются объемы потребляемых ресурсов [2].

Таким образом, анализ работ по стратегическому планированию отечественных и зарубежных авторов позволил установить, что основой моделирования деятельности промышленного предприятия является обеспечение соответствия между факторами

внешней и внутренней сред. Современные условия хозяйствования характеризуются усложнением взаимосвязей между рынками товаров, капитала, труда, финансово-кредитных ресурсов, созданием глобального информационного пространства.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Бахтерева Б. В. Опыт создания регламента «Разработка, утверждение и изменение стратегического плана» //В лабиринтах современного управления. – М., 2001*
2. *Виханский О. С. Стратегическое управление. – М., 2005.*
3. *Зуб А. Т., Стати М. П. Деловое планирование и администрирование. – М., 2004*
4. *Идрисов А. Б., Картышев С. В., Постников А. В. Стратегическое планирование и анализ эффективности инвестиций. – М., 2006.*
5. *Ляско В.И. Стратегическое планирование развития предприятия: Уч. пос. для вузов – М.: ЭКЗАМЕН, 2005.*

Современному человеку практически невозможно представить свою жизнь без электричества. С каждым годом в нашем доме становится все больше электроприборов, которые делают быт более комфортным и экономят наше время. Это – стиральные машины, электроплиты, утюги, духовые шкафы, вытяжки, кондиционеры, тепловые радиаторы, пылесосы, холодильники, телевизоры, электрочайники.

Но любой электроприбор при неумелом использовании или халатности может стать источником возгорания и вызвать пожар.

Если поставить включенный электрочайник на стол или буфет и оставить на длительное время без наблюдения, то вода выкипит, дно чайника накалится до температуры 300-500 градусов, а этого достаточно, чтобы произошел пожар. Водонагревательные приборы уже через 15-20 минут после выкипания воды вызывают возгорание почти любой опорной поверхности. Соприкосновение штор и портьер с электронагревательными приборами также приводит к их воспламенению.

При эксплуатации электронагревательных приборов не оставляйте их без присмотра, соблюдайте элементарные правила пожарной безопасности в быту.

А.Х. Нурпеисов,
главный специалист, капитан службы противопожарной безопасности

Отдел чрезвычайных ситуаций Ауэзовского района

О.К. ОМАРОВ
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ізденімпазы

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТЕОРИЯЛАРЫНА ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАРАУ

Экономиканы мемлекеттік реттеу қоғам мүддесіне нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезінде тұрақты дамуды қамтамасыз етуде экономикаға әсер ететін әдістердің жиынтығын көрсетеді. Бұл жағдайдағы экономика деп өндірістік-экономикалық қатынастар субъектілерінің арасындағы байланыстар формасы ретінде өзінің нарқымен, өзінің меншіктік, басқару, ұйымдастыру және бөлу үлгілерімен елдің қоғамдық құрылымы түсіндіріледі. Экономиканың тұрақты дамуы адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, демографиялық мәселелерді шешуге, халық табысының арасындағы айырмашылықты төмендетуге, кедейлілікті жоюға, ұлттық табыстың өсуіне бағытталған шаралар кешенін өткізуді көрсетеді.

Экономиканы реттеу үрдісінде мемлекеттің басшылық ететін бағыттамаларына өмір-сүру сапасы мен экономикалық даму деңгейін мінездейтін келесідей көрсеткіштер енгізіледі: адамның өмір-сүру ұзақтылығы, халық басына шаққандағы табыс (жалпы ішкі өнім), жұмыспен қамтылу деңгейі, адам құқығын өткізу дәрежесі, білім алу деңгейі, қоршаған орта жағдайы.

Экономиканы реттеуге мемлекеттің араласу дәрежесі оның тарихи дамуы кезеңіне байланысты және қоғам жағдайымен шартталған. Дағдарыстар, соғыстар мен экономикалық қайта құрылу уақыттарында мемлекеттің рөлі күшейеді. Бірақ сол уақытта, тұрақтандырылу кезеңдерінде мемлекеттің рөлі төмендемеген, бірқатар ғалымдардың санауынша, – экономиканы мемлекеттік реттеу бойынша шаралар жалғастырылған және тұрақты мінезге ие болған. Біздің көзқарасымыз бойынша, елдің дамуы тұрақты болған кезеңдерде мемлекеттік араласудың тек бағыты ғана өзгерген және мемлекет экономиканың сапалы жақтары мен оның тиімділігін реттеуге көп көңіл бөлген. Дамудың мұндай кезеңдерде экономиканың ісіне мемлекеттің араласуы жабық торлық мінезге ие болды. Мемлекеттік араласудың мұндай мінезі бейнелік түсініктің пайда болуына негіз берді: «мемлекет «көрінбейтін қол» арқылы экономиканы керекті арнаға бағыттап отырды».

Экономиканың тиімділігін зерттеген Смирнов А. жазады: «Бірақ тек құқықтық тәртіпті сақтау, үшінші жақтың мүдделерін қорғау, бірқатар нарықтарды тікелей реттеу мен нарықтық қатынастардың өркениеттілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым түріндегі басты атрибуттар түріндегі мемлекеттің құқықтық институттарының (заңдар, соттық жүйе, атқару) саны мен үйлестірілген жұмысы кезінде, нарықтық механизмдер(«көрінбейтін қол» деп аталатын) экономиканың жоғары жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ете алады»[1].

Соңғы уақыттарда экономиканың қызмет етуі, ұйымдастырылуы мен дамуы қағидалары туралы әр алуан көзқарастары алыптасты: классикалық нарықтық позициядан бастап толығыменен қарама-қайшы – маркстікке дейінгі.

Классикалық позицияның негізін қалаушылардың бірі А.Смит экономикаға мемлеукеттің араласуын жібермеу мен нарықтық өзін-өзі реттеу жеткіліктігі аксиомасының рангісін жасады. Ол «көрінбейтін қол» тұжырымдамасын негіздеді, ондағы негізгі элемент «экономикалық адам» болып табылады [2]. А.Смиттің ойы бойынша, қоғамның игілік жағдайы мен гүлденуі басқа субъектілермен тауарлар мен қызметтерді еркін айырбастау нәтижесінде жекелеген индивидтердің негізінен кездейсоқ және жағымсыз іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді. Әрі қарай қайта өндірудің экономикалық дағдарыстарын жоққа шығаратын және ұсыныс сәйкес келетін сұранысты тудыратынын бекітетін Сэй теңдігі пайда болады.

«Көрінбейтін қол» теориялық тұжырымдамасының базасында еркін бәсекеге негізделген нарықтық қатынастардың табиғи процестеріне мемлекеттің араласпауын көрсететін экономикалық либерализм теориясы пайда болды. Елдің ішкі және сыртқы қауіпсіздігі сұрақтарын, мемлекеттің позициясы жағынан тек жекелеген, маңызды шаруашылық субъектілеріне көмек көрсетуге байланысты сұрақтарды шешуге негізінен мемлекеттің араласуын шектеу көзқарастарын жаңа классикалық саяси экономика жақтаушылары, монетаристер қолдады. Олар нарықтың автономдылығы ойын қолдады. Бұл бағытқа қарама-қарсы мемлекеттің реттеушілік рөлін белсендендіретін маркстік теория дамыды.

Бірақта пайда болатын өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын іздеу барысында нарықтық және мемлекеттік экономиканы реттеудің әртүрлі аспектілерін синтездейтін көптеген теориялар мен ағымдар пайда болды, осылай мысалы, сәйкестендірілген фискалды саясатты жүргізу мен жиынтық сұранысты мемлекеттің ынталандыруын қарастыратын Дж. Кейнстің нарықтарды макроэкономикалық реттеу теориясы [3].уақыт көрсеткендей капитализмнің нарықтық экономикасы да, сондай-ақ социализмнің жоспарлық экономикасы да өзінің артықшылығы туралы категориялық бекітілімінің жарамсыздығын көрсетті.

Индустриалды дамыған елдердің экономикалық саясатында екі тенденция – көпшілікпен неғұрлым танылған екі бағыт: кейнстік және монетаризм әрдайым болған, бір-бірімен соқтығыса отырып, тарихи жағдайларға байланысты бірдей шешімге келіп отырған. Енді осыларға толығырақ тоқталайық.

XX ғасырдың 30-шы жылдары Батыста әйгілі ағылшын ғалымы Джон Мейнард Кейнстің (1883-1946) «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» атты еңбегі жарық көрді [3]. Осыдан кейін бірден жаңа бағыт – буржуазиялық экономикалық талдауға қайта құруға бастау болған кейнстік бағыт пайда болды. Экономикаға мемлекеттің араласпауы керек классикалық қағидасына қарама-қарсы ұлттық шаруашылықты реттеуде мемлекеттің басты рөлі жалпымен қабылданды. Экономикалық теория мен тәжірибеде кейнстік бағыттың таралуы үкіметтердің экономикалық саясатын 70-ші жылдардың ортасына дейін анықтап отырды.

Монетаризмнің пайда болуының алғышарттары, сұранысты реттеуге кейнстік тәсілдің көмегімен қиындықтармен күресуге мүмкіндік бермеген 70-ші жылдардағы біруақытта өндірістің құлдырауы мен инфляцияның күшеюі кезіндегі экономикалық жағдайдағы мәнді өзгерістердің пайда болуы.

Кейнсшілдер – «үлкен үкіметті» және мемлекеттік құрылымдармен нарықтық экономиканы белсенді реттеуді жақтаушылар. Бұл салық салу мен салықтық жеңілдіктерді бөлу жүйесіне, мемлекеттік шығындардың өсуі мен белгілі бір жағдайларда бюджеттік тапшылықтарды қолдауды көрсетеді. Инвестициялық процестер мен баға белгілеуге мемлекеттің тікелей араласуын жоққа шығармайды. Кейнстік саясат әлеуметтік жауапкершілік пен еңбекке жарамды халықты толық жұмыспен қамту саясатымен байланысты.

Монетаристер – «шағын үкіметті» қолдайды, яғни шағын бюджетті, үкімет қызметіндегі тұрақты несие-ақша және бюджеттік параметрлерді, максималды еркін нарық пен әрекет етуші тиімді бәсекені қолдайды. Мемлекеттің басымдықты мақсаты – қатаң несие-ақша саясатымен жететін ақша айналымының тұрақтылығы, сонымен қатар монополияға қарсы шаралар көмегімен еркін баға белгілеуді қамтамасыз ету. Бірақта, осы екі бағытты жақтаушылар арасындағы идеялық күреске қарамастан, олардың арасында ешқашанда шешілместей қайшылықтар болған жоқ. Екі бағытта нарықтық экономикаға деген бірдей сенімді ұстанады. Екеуі де мемлекеттің маңызды экономикалық қызметтерін мойындайды. Олардың көзқарастары экономикалық үрдістерге мемлекеттің араласуының жалпы масштабтарын бағалауда, сонымен қатар нені реттеу керек, қандай әдістермен және қандай мақсаттармен түсініктерінде бөлінеді [4].

Дж. М. Кейнстің теориясы қоғамдық ұдайы өндірістегі мемлекеттің орнының рөлі туралы сұрақтарға жаңа тәсілді қалыптастырды және экономикалық теорияда әрекет ететін мемлекеттік қаржылар мәні туралы бұрыңғы көзқарастармен үзілісті көрсетті. 1929-1933 жылдардағы экономикалық дағдарыс әсерімен пайда болған Дж.М.Кейнстің теориясы өнеркәсіптік елдердің шаруашылық жүйесінің анықсыздылығының жоғарғы дәрежесінен, байлықтың дұрыс бөлінбеуі, қор жинау мен инвестициялау шарттарының сәйкессіздігі, бағаның қатаңдылығынан (әсіресе еңбек нарығы мен ссудалық капитал нарығындағы) экономикалық тепе-теңдікке автоматты жетудің мүмкін еместігін мойындады. «Біз өмір сүріп жүрген экономикалық қоғамның мәнді ауруы толық жұмыспен қамтудың мүмкін еместігі, сонымен қатар табыстар мен байлықтың дұрыс бөлінбеуі болып табылады», - деп атап көрсетті Дж.М.Кейнс.

Ал макроэкономикалық реттеудің кейнстік тұжырымдамасына тікелей келетін болсақ, онда оның дамуы үш негізгі сәтті енгізді:

- Үкіметтің қаржы саясатының басты бағыттаушысы ретінде бюджеттің тепе-теңдігі идеясынан бас тарту;
- өндіріс динамикасына тапшылықтың әсер ету териясын құру;
- қаржы министрлігінің іс-әрекетін қолдайтын құрал ретінде несие-ақша саясатының рөлін жаңадан түсіну.

70-ші жылдардың екінші жартысында кейнсшілдер, батыс экономикалық ой-пікірдің басты ағымы болып қала отырып, дағдарыс кезеңіне енді. Оның барлық құрылымында күрделі ауысулар болды, ол экономикаға мемлекеттің араласпау керек либерализм идеологиясының қайта жаңғыруына мүмкіндік берді. Осы уақытта, бұл процестер 70-ші және 80-ші жылдарда жүріп жатқан индустриалды дамыған елдердің шаруашылық механизміндегі терең өзгертулерді де бейнеледі. Ғылыми-техникалық төңкеріліс пен экономиканың интерұлттандырылуының жаңа кезеңнің әсер етуімен, бір жағынан,

трансұлттық корпорациялардың рөлі күшейді, ал басқа жағынан – икемді, тәуекелдікке дайын шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің сферасы кеңейді. Нәтижесінде, нормативті реттеудің тораптанған жүйесімен бюджеттік жүйе арқылы ұлттық табысты өспелі қайта бөлуімен, материалдық өндіріс көптеген салаларында (Еуропада) кең таралған 50-70 жылдар бойы қалыптасқан шаруашылық типі, экономикаға мемлекеттік араласудың консервативтік қағидаларына негізделген басқа типіне орнын берді. Экономикалық реттеудің мұндай формасы бәсеке, нарық, жеке-дара қызмет басымдықты алатындығын көрсетеді. Бұл жағдайда мемлкеттің салықтары мен шығындары қысқарады, оларды және мемлекеттік бюджетті манипуляциялау жойылады, ал мемлекетке өз елдерінің бәсекеқабілеттілігін жоғарлату мен өсудің стратегиялық шарттарын қамтамасыз етуде дирижер рөлі ғана қалады. Осының барлығы монетаристік идеяға қайтып оралғандығын куәландырады.

Монетаристік теорияның неғұрлым көрнекті өкілі американдық ғалым М.Фридмен болып табылады. Монетаризмнің көсемі өзінің кейнстік теория мен саясатқа сынаушылық басқыншылығын 50-ші жылдарда бастаған болатын.

Кейнстік теорияға қарсы ол және оның қолдаушылары экономикалық циклдің монетарлық теориясы мен ұлттық табыс деңгейін анықтаудың монетарлық теориясын ұсынды. Кейнстік үлгінің негізгі факторлары – инвестициялар мен тұтынуға – монетаристер қарама-қарсы олардың ойы бойынша, ұлттық табыс динамикасындағы және оның циклді ауытқуының қалыптасуындағы шешуші рөлді ойнайтын ақшалай факторды қойды. Осы кезде, маңызды мәнге ақшалай сұраныс пен оны ұсыну арасындағы айырмашылық ие. Нақты сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықтан, ақшалай ұысыныстың тұрақсыздығынан монетаристер экономиканың тұрақсыздығы мен циклді ауытқуының себебін көреді.

Монетаризмнің жарқын өкілдерінің бірі М.Фридмен болып табылды. Ол айтқандай, «экономикалық өсу қарқыны өзекті мәселе болып табылмайды, ұлт үшін маңызды мәселе екенін айтпағанда. Бұл жеке тұлға үшін өзекті мәселе. Идеалды қоғамдағы үкіметтің рөлі өздері үшін осы сұрақты адамдарға шешуге неғұрлым тиімді мүмкіндік беретін құрылымды құруға әкеліп отыр. Егер де сіз жеткілікті бай бола тұрып, өзіңнің ағымдағы табысыңды жинамай, тұтынуға жұмсауға талғамдылық берсеңіз және жоғары табысты кейінірек қамтамасыз еткіңіз келсе, ол сіздің еркіңіз. Егер де осы жеке шешімдердің жалпы сомасы нәтижесінде, бұл соңғы жүз жыл бойына жүріп жатқан жиынтық табысты жоғарлатуға әкелсе, өте жақсы. Бірақта, егер де жалпы табыс нәтижесінде тұрақты табыс әкелсе. Онда бұл да жақсы. Қай уақытта үкімет экономикалық өсу қарқынын мемлекеттік мәселеге ауыстыруға шараларды қолданады, ал нәтижесінде пайда әкелудің орнына қауіпті тудырады, не жекелеген тұлғалардың шешіміне араласуын бастайды. Бұл жеке тұлғалардың ояну уәждерін деформациялайды және өздерінің мақсаттарына жету мүмкіндіктерінен айырады. Тек сол өсу қарқыны дұрыс деп табылады, жекелеген шешімдерден шығатын. Менің ойлауымша, өсу қарқыны жоғары болған сайын, үкіметтің бұл процеске араласуы азаяды» [5].

Осылай, Милтон Фридман экономикалық өсу мәселесі мемлекеттік деңгейден жекелеген тұлғалардың деңгейіне ауысады деп көрсетеді. яғни, мемлекеттің араласу рөлі өздері үшін бұл сұрақты шешуге адамдарға неғұрлым тиімді мүмкіндік беретін

құрылымды құруға әкеледі. Тек жекелеген шешімдерден шығатын өсу қарқыны ғана дұрыс болып табылады. Ол бұл процеске үкімет араласуы аз болған жағдайда ғана өсу қарқыны жоғары болады деп есептейді. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселе тек микроэкономикалық болып табылады, өйткені жекелеген тұлғалардың шешімін қабылдау үшін жағдайды мемлекет ғана құра алады. Басқаша айтқанда, мемлекет жеке бөліктердің жалпы ұлттық өнім мен оның өсуін құру процесіндегі үлесі туралы жеке тұлғалардың шешімдерін позитивті қабылдау үшін жағдай жасайды. Ал бұл макроэкономиканың мәселесі.

Қатаң монетарлық бағамның жақтаушылары бола отырып, кейбір экономистер бюджеттік экспансияны қолдау үшін несие-ақша саясатын қолдануға қарсы тұрады және соңғысында жеке капитал салымының өсуін төмендетуде басты себепті көреді. Сондықтан да олар мемлекеттің салық-бюджеттік қызметін бірден шектеуді талап етеді.

Осыменен қатар, монетаристер реттеу қызметін жүзеге асыруға мемлекетке қарсылық келтірмейді, олар акцентті неғұрлым жанама шараларды қолдану жағына ауыстырады. Елдің экономикасының әлеметті-саяси тұрақтылығы мен даму мақсатын өткізудегі маңызды рөлді нарықтық күштерге береді.

Кейнстік және монетаризмнің теориялық негіздемелерінің қортындысын шығара отырып, келесідей сұраққа жауап беру керек: қарастырылған – монетаризм не кейнсшілдік - екі үлгінің бірі екіншісіне қарағанда прогрессивті, жақсы деп нық айтуға болады ма? Мемлекеттік реттеу теорияларының жаңа тәсілдерінің әдістемелік айырмашылығын схемамен кейнстік немесе монетаристік экономика үлгілеріне тартылу жағдайы ретінде көрсетуге болады. Осы кезде халықтың толық жұмыспен қамтылу деңгейіне жауап беретін өндіріс мінездемесімен байланысты жиынтық сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдік нүктелерін табудың екі типтік нысандарын қарастыруға болады. Осындай түрдегі мемлекеттік бағдарламалардың типтік шаралары (оларды сонымен қатар ортодоксалды деп атайды) болып табылады:

- бюджеттік тапшылықты қысқарту (мемлекеттік инвестицияларды, әлеуметтік шығындарды, субсидияларды қысқарту, мемлекеттік сектор тауарлары мен қызметтеріне бағаны өсіру, салықтарды жоғарлату);
- тұтынушылық сұранысты қысуға бағытталған жалақының өсуін шектеу – шектелген несие-ақша саясаты, Орталық банктегі мемлекеттік займдарға және ақша эмиссиясына лимиттерді енгізу, банктік пайыз ставкаларын өсіру;
- бағаларға және экспортты-импорттық операцияларға бақылауды әлсіздендіру, экономиканың экспорттық секторына ресурстардың ағымын ынталандыру;
- төлемдік балансты сауықтыру үшін ұлттық ақша бірлігін девальвациялау.

П.Самуэльсонның неоклассикалық синтездеу теориясы (economics) не монетаристік, не кейнстік ұсыныстарынды экономиканың жағдайына байланысты қолдану мүмкіндігін зерттеді. Атап көрсету керек, екеуі де несие-ақша саясаты көмегімен ғана экономиканы реттеу түріне ие болады: монетаристер – ақшалай эмиссияня реттеу жолымен, кейнсшілдер – пайыздық ставкалар жолымен және ол туарлы біз толық айттық. Осындай екі жақтылықтың айқын мысалы – қандай да мәселенің тереңдеуімен байланысты екі тәсіл арасындағы маятниктік ауытқуды тудыратын біруақыттағы инфляция мен дағдарыс парадоксы. Таза түрінде өтпелі экономикалы елдерде осы тәсілдердің біреуі де кездескен

емес. Макроэкономикалық саясаттың монетаристік және неокейнстік әдістерінің өзара үйлестірілуі жиі қалыптасады.

«Ұзақ жылдар, – деп атап көрсетілген бастыстық әйгілі бір әдебитте, – монетаристер мен кейнсілдер арасындағы пікірталастар ақша теориясына – қазіргі сандық теория, бір жағынан, және Дж.М.Кейнстің жалпы теорисының жаңартылған түрі – басқа жағынан, екі әртүрлі нақты тәсілдермен шартталған түсінбеушіліктерді атап көрсету мақсатымен туындалған» [6].

Сонымен, қазіргі мемлекеттік реттеу мен еркін нарық үйлесімділігі нарықтық механизмдерге неғұрлым жетілдірілген тұрақтандырғыштарды іздеуге итермелейтін талаптарды ұсынады. Белсенді мемлекеттік реттеумен түзетілетін нарықтық заңдардың әрекеті кезіндегі «аралас экономиканың» әрекет етуі қоғамның теңестірілген мақсаттарына жетудегі неғұрлым тиімді өткізуші элементі болып табылады.

Экономикалық шындықты қалыптастыратын нарықтың өзі екендігіне қарамастан (Парето бойынша), мемлекеттің әлеуметтік және экологиялық және бірқатар басқа да мәселелері нарықтық құралдар көмегімен шешілуі мүмкін емес. Сондықтанда дамыған елдерде ұдайы өндірістің нарықтық және мемлекеттік факторларының үйлесуі әрекет етуші экономикалық үлгілермен көрсетілген арнайы сіңірілуінен табады. Үлгілердің типологиясы бірқатар белгілермен ерекшеленеді, соның ішінде: бюджеттік жүйе арқылы қайта бөлінетін ЖІӨ көлемі; салық салу мінезі; әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдем ақылар жүйесі. Осы уақыттағы бір елдегі қандай да бір үлгінің сәтті болуы басқа жағдайларда оны қолдану кезінде сондай нәтиже беретіндігіне кепілдік бермейді. Бұл елдің әлеуметті-мәдени, экономикалық, тариха дәстүрлерінің ерекшеліктеріне байланысты.

Өтпелі кезеңде тұрған мемлекет үшін тиімді экономикалық тұжырымдама, тек нарықтық пайдалылық критериясына ғана емес, сондай-ақ құндық өлшеу бірліктерімен бағалануы мүмкін емес қызмет ету сфераларын қолодау үшін бағытталған болуы керек. Оларға білім беруді, қондырмалық ғылымды, қоршаған ортаны қорғауды және басқаларын жатқызуға болады.

Сондықтанда нарықтық механизмді жетілдіру маңыздылығы мен мемлекеттік құралдарға олардың әсер етуіне икемді реакциясы ел шаруашылығының сандық параметрлерін ғана мінездейтін «экономикалық күшті» дамыту талаптарына емес, мемлекеттің экономикалық жүйесін сапалық белгілеуін енгізетін «экономикалық даму деңгейін» дамытумен шартталған. Осылай, қоғамның экономикалық өміріндегі мемлекеттің рөлі туралы эволюциялық ойларды теориялық зерттеу мемлекеттік реттеу қажеттілігіне көзқарастарды анықтау мен өзгерту нарықтың қалыптасуы мен дамуының әртүрлі кезеңдерін куәландырады. Мемлекеттің әртүрлі типтері мен формаларының болуы шаруашылық сферада мемлекеттік және жеке үлестердің қатынасы туралы, жеке кәсіпкерлікке мемлекеттің араласуының заңдылығы туралы экономистердің ойларын алып тастаған жоқ.

XVIII ғасырдан бастап алғы дамыған елдер өнеркәсіп пен сауданың дамуына бөлінетін мемлекеттің белсенді рөлін, меркантелистік ойлардың тарауына жағдай жасады. Содан кейін, классикалық экономикалық теория, негізін қалаушы А.Смит, еркін бәсеке эффектісін қолданатын экономикалық жарылыс үшін мемлекеттің рөлі шектелуі қажеттілігін негіздейтін аргументтер жүйесін қалыптастырды. Буржуазиялық

үкіметтердің бекітімі мемлекеттің «түнгі күзет» рөлін ойнап қана қоймай, өз елінде және әлемдік деңгейде экономикалық және әлеуметтік қатынастарға белсенді қатысуына итермеледі. Соғыстар, дағдарыстар, экономикаға мемлекеттің тікелей бақылау жасауын тап ете отырып, теориялық қарсылыстарының пайда болуын тудырды. Сонымен, барлық елдерде протекционизм өз жақтаушыларын тапты. Осы ойлардың жақтаушылары арасында таластың өзінде экономикаға мемлекеттік араласудың дәрежелері мен формаларын анықтады. Экономикалық өмірге мемлекеттің қатысуының қажеттілігін барлық экономистер мойындады.

XX ғасырдың басы – ортасындағы процестерді түсіндіретін экономикалық тұжырымдамалардың әрі қарай дамуының куәсі ретінде, бір-біріне тұрақты қарсылас болап келген кейнстік және монетаристік теориялары қарастырылды. Осы кезде, осы экономикалық тұжырымдамалардың теориялық көзқарастарының «қарама-қайшылығы» жойылады, ол П.Самуэльсонның неоклассикалық синтездеу теориясы деп аталды. Ол экономикалық жағдайлардың параметрлеріне байланысты не кейнстік, не монетаристік ұсыныстарды қолдануға болатындығына негізделген. Өтпелі кезеңде тұрған мемлекеттер үшін, бұл теория ертеректегі экономикалық тұжырымдамаларды біріктіруге қайшылық келтірмейді. Ал әлемдік масштабта экономикалық үрдістерге әсер ету үшін мемлекетті икемді қолдануға мүмкіндік беретін экономикалық дамудың жаңа көзқарасы мінездейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Будущее мировой финансовой системы // Финансист, 1999 г., № 3-4*
2. *Региональная политика РК: экономический механизм реализации // Отв. ред. Кенжегузин М.Б. - Алматы: Институт экономики МОН РК, 1998 г.*
3. *Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. В книге Антология экономической классики. Книга 2. Предисловие И.А. Столярова. - Москва: МП "Эконов", "Ключ", 1993 г.*
4. *Осадчая И. Кейнсианство // Российская федерация, 1994 г., № 8*
5. *Соперничество идей: Интервью с Милтоном Фридманом и Джеймсом Тобином //Диалог, 1991 г., № 46*
6. *Долан, Кэмпбелл, Деньги, банковское дело и кредитно-денежная политика – г. Москва, 1996 г.*

Д.А. ОСПАНОВА,
«Экономика» мамандығының магистранты

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасып өзінің ұлттық экономикалық даму стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асыру жолында бірқатар экономикалық реформаларды жүзеге асырды. Осыған байланысты елдің тұрақты экономикалық дамуы мен жаһандану жағдайына байланысты әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігу маңызды міндеттердің бірі болды. Сондықтан да елімізде әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті дамыған елу елдің қатарына кіру идеясы көтеріліп, бұл бағытта нақты іс-шаралар белгіленіп жүзеге асыру қолға алынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 – ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталатын Қазақстан халқына арнаған жолдауында «Бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты ықпалдасуының кілті» деп атап көрсеткен болатын[1]. Сондықтан да қазіргі жаһандану мен әлемдік экономикаға кіру жағдайында елімізде бәсекелестікті дамыту мен жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Мұндай жағдайда отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз кез келген экономикалық объектілерге тән қасиет. Физикалық табиғатына және атқаратын қабілетіне қарамай, барлық тауарлар, сондай-ақ оларды өндіру, пайдалану жүйелері бәсеке мәселесі шеңберінде қарастырылады, типті мұндай талдау аспектісі абрактілі емес, нақты экономикалық қызметтің практикалық мәні. Одан әрі белгілі бір жағдайларға бәсекелес қабілеті сапа немесе тиімділік сияқты экономикалық дәрежелерге тең болады. Бәсекелес қабілетінің проблемаларын шешу үшін экономикалық есептерді шешудің құралдары теориялық және практикалық әдістерін жақындата алады, олар әр нысанда сапа мен тиімділік проблемаларына байланысты. Бәсекелес қабілетінің қасиеті экономикалық қызметтің субъектісінен тәуелсіз экономикалық жүйелерде жүріп жатқан объективті үрдістермен анықталады деп тұжырымдауға болады. Осы айтылғаннан бәсекелес қабілеті динамикалық дәрежеге жататыны анық және де оның динамикасы сыртқы факторлармен негізделген, олардың бір бөлігі басқарылатын параметрлер ретінде қарастырыла алады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің маңызын өте толық көрсету үшін, біздің пікірімізше, бәсеке қабілеттілік туралы мейлінше толық көрініс беру қажет.

Бәсеке қабілеттілік берілген нарықта көрсетілген осыған ұқсас нысандарымен салыстырғанда, оның нақты сұранысын нақты немесе әлеуетті қанағаттандыру дәрежесімен сипатталатын, нысанның қасиеті. Бәсекеге қабілеттілік берілген нарықта ұқсас кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге төтеп беру қабілетін анықтайды.

Нысанның бәсекеге қабілеттілігі нақты нарыққа қатысы бойынша немесе нарықтың стратегиялық сегментациясының тиісті белгілері бойынша қалыптасатын тұтынушылардың нақты тобына қатынасы бойынша анықталады. Нысан бәсекеге қабілетті нарық көрсетілмеген болса, бұл көрсетілген нысан нақты уақытта әлемдегі

үздік үлгі болып табылады дегенді білдіреді. Нарықтық қатынастар жағдайында бәсекеге қабілеттілік қоғамның даму деңгейін көрсетеді. Елдің бәсекеге қабілеттілігі неғұрлым жоғары болса, осы елдегі өмір сүру деңгейі жоғары болады.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі бұл көретілген фирманың өз тауарларымен адамдардың сұранысын қанағаттандыру деңгейі бойынша және өндірістік қызмет тиімділігі бойынша бәсекелес фирмалардан айырмашылығын көрсететін салыстырмалы сипаттама. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі нарықтық бәсекелестік жағдайына оның бейімделуінің мүмкіншіліктері мен динамикасын сипаттайды.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі:

- кәсіпорын тауарларының сыртқы және ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі;
- өндірілетін тауарлар түрі;
- нарық сыйымдылығы (жыл сайынғы өткізу)
- нарыққа қол жеткізу жеңілдігі;
- нарықтың біртектілігі;
- нақты нарықта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың бәсекелестік ұстанымдары;
- саланың бәсекеге қабілеттілігі және т.б.

Нарықтық қатынастардың әлемдік практикасы көрсеткендей осы мәселелердің өзара байланысы шешімі мен берілген қағидаларды пайдалану кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің артуына кепілдік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің мәселелерін толық бағалау үшін оның критерийлері мен факторларына баға беру қажет.

Біздің ойымызша, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін өндірістік қызметін және қаржылық жағдайын талдау арқылы толық сипаттауға болады. Сондықтан осы көрсеткіштерге қысқаша тоқталайық.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Қор қайтарымдылығы – ол жыл ішінде өндірілген өнім көлемінің негізгі қорлардың орташа жылдық құнына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіштің мәні негізгі өндірістік қорлардың әрбір 1 теңгесіне қанша өнімнен келетінін көрсетеді.

Қор сыйымдылығы – қор қайтарымдылығының кері шамасы болып табылады және негізгі қорлардың орташа жылдық құнының өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады. Ол әрбір өнім бірлігіне келетін негізгі қорлардың құнымен сипатталады.

Материал қайтымдылығы - кәсіпорынның материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттайды.Ол өндірілген өнім көлемінің оны өндіруге жұмсалған шикізаттар мен материалдар шығындарына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіш жұмсалған шикізаттар мен материалдардың бір бірлігіне қанша дайын өнім бірлігі келетінін көрсетеді.

Материал сыйымдылығы – материал қайтымдылығының кері шамасы. Ол шикізаттар мен материал шығындарының өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіш өндірілген өнім бірлігіне қанша шикізаттар мен материалдар келетінін көрсетеді. Шикізаттар, материалдар мен басқа да материалдық ресурстар неғұрлым жақсы пайдаланылған сайын, материал қайтымдылығы соғұрлым жоғары, ал материал сыйымдылығы төмен болады.

Еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігін өлшеу еңбек шығындары мен өндірілген өнім көлемі түріндегі еңбек нәтижелерін салыстыру жолымен анықталады.Осыған байланысты екі көрсеткішті бөліп көрсетуге болады. Олар: өнімділік және еңбек сыйымдылығы.

Өнімділік сағаттық, күндік, айлық, тоқсандық, жылдық болуы мүмкін.Ол бір жұмысшыға келетін немесе жұмыс уақыты бірлігінде өндірілген өнім көлемін көрсетеді. Өнімділік өндірілген өнім көлемінің осы өнімді өндіруге жұмсалған уақыт немесе еңбек шығындарына (жұмысшылар саны) қатынасымен анықталады.

Еңбек сыйымдылығы деп кәсіпорындағы өнім бірлігін өндіруге жұмсалған барлық еңбек шығындарының жиынтығын түсінуге болады. Ол еңбек өнімділігінің кері шамасы болып табылады және еңбек шығындарының өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады.

Кәсіпорынның жұмыскерлерді ынталандыруға мүдделігін көрсететін көрсеткіштің бірі орташа айлық жалақының ең төменгі күн көріс деңгейіне қатынасы көрсеткіші болып табылады. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жұмыскерлердің өз ісіне деген қызығушылығы, жақсы нәтижелерге жетуге деген ынталылығы арта түседі.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін бағалауда оның қаржылық жағдайын талдау айтарлықтай маңызды. Ол бірнеше топқа бөлінген көрсеткіштер жүйесінен тұрады.

Қаржылық жағдай кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін және оның іскерлік әріптестіктегі әлеуетін анықтайды. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы деп оның өз қызметін қаржыландыру мүмкіншілігін (қабілетін) айтамыз. Ол кәсіпорынның дұрыс жұмыс жасауы үшін қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін, оларды ұтымды орналастыру мен тиімді пайдалануды, басқа жеке және заңды тұлғалармен қаржылық өзара қарым-қатынасын, төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын сипаттайды.

1) Кәсіпорынның мүліктік жағдайын бағалау оның өз мүлкін пайдалану тиімділігін сипаттайды. Оны мынадай көрсеткіштермен сипаттауға болады: негізгі қорлардын жаңару коэффиценті, негізгі қорлардын тозу коэффиценті, негізгі қорлардын жарамдылық коэффиценті, негізгі қорлардын активтік бөлігінің үлесі, қормен жарақтану және т.б

2) Кәсіпорынның өтімділік және төлем қабілеттілік көрсеткіштері.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының маңызды критерийлерінің бірі – оның төлем қабілеттілігі. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп – өзінің міндеттемелері бойынша есеп айырысуды өз уақытында және толығымен жүргізу қабілеттілігін айтамыз. Ал, өтімділік деп – кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу немесе төлеу қабілеттілігін айтамыз. Өтімділікті, кейде ағымдағы активтердің ақша қаражаттарына айналуға дайындығы мен жылдамдығы деп те сипаттайды. Осыған байланысты кәсіпорынның өтімділігі жөнінде айтқанда активтің өтімділігі және баланстың өтімділігі түсініктерін ажыратып алу қажет.

Активтің өтімділігі деп – оның ақшалай қаражаттарға айналу мүмкіндігін (қабілетін) айтамыз. Баланстың өтімділігі кәсіпорын активтерінің міндеттемелерін жабу дәрежесі ретінде анықталады. Мұнда активтердің ақшаға айналу мерзімі міндеттемелерді жабу мерзімімен сәйкес келеді. Баланстың өтімділігінің активтердің өтімділігінен айырмашылығы активтердің көлемі мен өтімділігі міндеттемелерді жабу мерзімі мен көлеміне сай келеді. Сондай-ақ, активтердің өтімділігі баланстың пассивіне қатыссыз анықталады.

Кәсіпорынның өтімділігін бағалау үшін абсолютті көрсеткіштермен қатар салыстырмалы көрсеткіштерде есептеледі. Оларға ағымдағы өтімділік коэффициенті, жылдам өтімділік коэффициенті және абсолютті өтімділік коэффициенті жатқызылады.

Бұл көрсеткіштер кәсіпорын басшылығы үшін ғана емес, сырқы субъектілер үшін де үлкен қызығушылық туғызады.

Абсолютті өтімділік коэффициенті (ақшалай резервтер нормасы) кәсіпорынның ақшалай қаражаттары мен қысқа мерзімді қаржылық салымдарының (тез өткізілетін бағалы қағаздардың) қысқа мерзімді міндеттемелеріне қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіштің мәні қысқа мерзімді міндеттемелерінің қандай бөлігі тез арада жабыла алатындығын көрсетеді. Мұның мәні неғұрлым жоғары болса, қарыздарды жабу кепілдігі де соғұрлым көп болады.

Жедел өтімділік коэффициенті (аралық жабу коэфиценті) – ақшалай қаражаттар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар (бағалы қағаздар), қысқа мерзімді дебиторлық берешектің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасымен есептеледі. Бұл көрсеткіш ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігін ақшалай қаражаттармен ғана емес, күтіліп отырған ақшалай түсімдердің (дебиторлық берешектің) есебінен жабылатындығын көрсетеді. Оның шекті мәні 0,7 -1 шамасында болу тиіс, бірақ , оның өзгеруіне әсер еткен факторларды (ақшалай қаражаттар әлде дебиторлық берешек) ескеру керек.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жалпы жабу коэффициенті) ағымдағы активтердің (болашақ кезеннің шығындарынан басқа) ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелерге (болашақ кезеннің табыстары) қатынасымен анықталады. Ол ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерді жабу дәрежесін көрсетеді. Басқаша айтқанда, ағымдағы міндеттемелердің бір теңгесіне келетін ағымдағы активтердің мөлшерін көрсетеді.

